

"Алға-Автомоторс" ұлттараралық автомобиль консорциумы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 маусым 1994 ж. N 703

Халық шаруашылығын және халықтың автокөлік құралдары жөніндегі сұранысын қанағаттандыру үшін кәсіпорындардың қазіргі бос өнеркәсіп алаңдары, өндірістік қуаттары және еңбек ресурстары негізінде меншікті автомобиль жасау өнеркәсібін құру мақсатында, сондай-ақ республиканың экономикасын дамытудың шикізаттық бағытталуын жою үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, "Дженерал Моторс", "Дженерал Беринг" және "Қазақстан" корпорацияларының, "Павлодартрактор" мемлекеттік концернінің мемлекет, жеке меншік капитал және шет ел инвесторлары қатысатын "Алға-Автомоторс" ұлтаралық автомобиль консорциумын құру жөніндегі ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

Осы консорциумның тұратын жері Алматы және Павлодар қалалары болып а н ы қ т а л с ы н .

2. "Қазақ КСР-індегі меншік туралы" Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша "Алға-Автомоторс" ұлтаралық автомобиль консорциумының жарғылық қорына қаражат қосуына рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті аталған консорциумның құрамына кіретін мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік меншігінің үлесін анықтап, оған әлгі үлесті иелену, пайдалану және басқару құқығын республиканың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес табыстайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1607 К941607_ қаулысына сәйкес автомобиль жасауды дамыту үшін "Алға-Автомоторс" ұлтаралық автомобиль консорциумына сыртқы заемдардың кепілдігін беріп, олардың пайдаланылуын және уақтылы өтелуін б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Консорциумға кіретін шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге а с ы р с ы н .

5. Министрліктер, ведомстволар, облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасында автомобиль жасау өнеркәсібін құру ісінде

Консорциумға көмектесіп отырсын.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің халық тұтынатын тауарлар жөніндегі Департаменті (Басқармасы) туралы Ережені бекіту туралы" 1994 жылғы 11 сәуірдегі N 367 р940367_ қаулысы 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК